



«Өскемен жылу жүйелері»  
АҚ-ның Жалғыз акционерінің  
13.05 2022 жылғы № 3  
шешімімен бекітілген

## САЯСАТ

---

### «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

Тірк. № \_\_\_\_\_  
Түг. № 03-01-16/00025  
Есеп. көш. № \_\_\_\_\_

«Өскемен жылу жүйелері» АҚ  
Өскемен қ.



«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ  
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 2 беті

Кіріспе

1. ӘЗІРЛЕНГЕН «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамымен
2. ӘЗІРЛЕГЕН ТЖББ басшысы  Ю. Масленникова « 5 » 05 2022 ж.
3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ
4. БІРІНШІ ҚАЙТА ҚАРАУ МЕРЗІМІ – 2027 ЖЫЛ  
ҚАЙТА ҚАРАУ КЕЗЕҢДІЛІГІ – 5 ЖЫЛ
5. ҚОЛДАНУ МЕРЗІМІН ҰЗАРТУ ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР \_\_\_\_\_
6. №1 РЕДАКЦИЯ « 13. » 05 2022 ж.

Осы құжатты кәсіпорынның басшылығының рұқсатынсыз бөгде ұйымдарға беруге тыйым салынады.



«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ  
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 3 беті

Мазмұны

1. Мақсаты және қолдану саласы.....	4
2. Нормативтік сілтемелер.....	4
3. Терминдер мен анықтамалар, белгілер мен қысқартулар.....	4
4. Мақсаты мен негізгі қағидалары.....	5
5. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары.....	6
6. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі.....	7
7. Дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны.....	8
8. Қорытынды ережелер.....	9
9. Тарату .....	9
Келісу парағы.....	10



## «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 4 беті

### 1. Мақсаты және қолдану саласы

Қоғамның осы дивидендтік саясаты (бұдан әрі - Саясат) Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» заңдарына, Қоғамның Жарғысына сәйкес әзірленді, Қоғамның ішкі құжаты болып табылады және таза кірісті немесе бөлінбеген пайданы бөлу және дивидендтер төлеуге жіберілетін бөлікті айқындау тәртібін, дивидендтер мөлшерін есептеу, дивидендтер төлеу тәртібін, оның ішінде оларды төлеу мерзімдерін, орнын және нысанын белгілейді.

Дивидендтік саясат Қоғамның Жалғыз акционеріне оның Қоғамды басқаруға қатысуына байланысты құқықтарын жүзеге асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз ету құралдарының бірі болып табылады.

### 2. Нормативтік сілтемелер

Осы Саясатта тиісті өзектілік күніне мынадай нормативтік құжаттарға сілтемелер пайдаланылды:

Қазақстан Республикасының «Акционерлік қоғамдар туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Сақтандыру қызметі туралы» Заңы.

Қазақстан Республикасының «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Заңы.

КН 03-09 «Ішкі нормативтік құжаттама және оған өзгерістер туралы хабарлама. Әзірлеу, ресімдеу, тексеру, келісу және бекіту тәртібі».

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген тарифтерді қалыптастыру қағидалары.

### 3. Терминдер мен анықтамалар, белгілер мен қысқартулар

Осы Саясатта пайдаланылатын терминдер мен анықтамалар, егер осы Саясатта өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында қандай мағынада пайдаланылса, сондай мағынада қолданылады.

Осы Саясатта келесі анықтамалар қолданылады:

**Акция** — акционерлік қоғам шығаратын және Акционерлік қоғамды басқаруға қатысуға, ол бойынша дивиденд және Қоғам таратылған жағдайда оның мүлкінің бір бөлігін алуға құқықтарды, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген өзге де құқықтарды куәландыратын бағалы қағаз.

«Ө ЖЖ» АҚ - «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамы.



## «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 5 беті

**Дивидендтерді төлеу** - дивидендтерді алуға құқығы бар Жалғыз акционердің банк шотына тиісті сомаларды аудару.

**Дивидендтер** - Жалғыз акционердің өзіне тиесілі Қоғамның акциялары бойынша қолданылып жүрген заңдарға, Қоғамның Жарғысына және Қоғамның ішкі құжаттарына сәйкес Қоғам төлейтін кірісі.

**Жалғыз акционер** - Қоғамның акцияларының меншік иесі болып табылатын тұлға. Қоғамның Жалғыз акционері Өскемен қаласының әкімдігі болып табылады. Өскемен қаласы әкімдігінің 26.04.2012 ж. № 941 қаулысымен «Өскемен қаласының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі Қоғамның құрылтайшысы болуға уәкілетті болды. Өскемен қаласы әкімдігінің 05.07.2013 ж. № 39 «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамы акцияларының 100% пакетін иелену және пайдалану құқығы Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңына сәйкес Қоғамға қатысты тиісті саланың уәкілетті органы болып айқындалған «Өскемен қаласының тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі» мемлекеттік мекемесіне берілді.

**КЕХС**- Қаржылық Есептіліктің Халықаралық Стандарттары.

**Қоғам, Кәсіпорын** - «Өскемен жылу жүйелері» акционерлік қоғамы.

**Директорлар Кенесі** - Қоғамның атқарушы органының қызметін жалпы басқаруға және бақылауға жауап беретін, оның мүшелерін Қоғамның Жалғыз акционері етіп сайлау арқылы құрылатын Қоғамдағы басқару органы.

**Таза кіріс** - жиынтық пайда (қорытынды шығын) Қазақстан Республикасының салық заңнамасында айқындалатын мөлшерлеме бойынша есептелген салық салуға дейінгі кіріс пен шығыстар мен корпоративтік табыс салығы арасындағы айырма ретінде айқындалады.

#### 4. Мақсаты мен негізгі қағидаттары

4.1. Саясаттың мақсаты Жалғыз акционер мен Қоғам мүдделерінің теңгерімін және дивидендтердің мөлшері мен оларды төлеу шарттарын айқындау кезінде ашық тәсілді қамтамасыз ету болып табылады.

4.2. Дивидендтік саясат Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу туралы ұсыныстарды Жалғыз акционерге дайындау кезінде Директорлар Кенесі басшылыққа алатын қағидаттарды айқындайды. Саясат мынадай қағидаттарға:

- 1) Жалғыз акционердің мүдделерін сақтау;
- 2) Қоғамның ұзақ мерзімді құнын ұлғайту;
- 3) Қоғамның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;



## «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 6 беті

4) Қоғам қаражаты есебінен іске асырылатын инвестициялық жобаларды қаржыландыруды қоса алғанда, Қоғам қызметін қаржыландыруды қамтамасыз ету;

5) дивидендтердің мөлшерін айқындау тетігінің ашықтығы;

6) Жалғыз акционердің қысқа мерзімді (кіріс алу) және ұзақ мерзімді (ұйымды дамыту) мүдделерінің теңгерімділігі;

7) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қоғамның Жарғысында, Қоғам мен Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы кредиттік шартта белгіленген шектеулерді сақтау, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі, Өскемен қаласының әкімдігі, "Өскемен жылу желілері" АҚ және Еуропа Қайта Құру және Даму Банкі арасындағы дивидендтерді төлеу туралы шешім қабылдау кезіндегі жобаны қолдау туралы келісім-шартқа негізделеді.

### 5. Дивидендтерді төлеудің негізгі шарттары

5.1. Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және дивиденд төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылдау үшін Директорлар Кенесі Жалғыз акционердің қарауына Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы жыл ішіндегі дивидендтің мөлшері туралы ұсыныстарды Өскемен қаласы әкімдігінің 26.06.2018 жылғы № 2807 ««Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 10138 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» Өскемен қаласының коммуналдық меншігіндегі акциялардың мемлекеттік пакетіне (жарғылық капиталдағы қатысу үлестеріне) акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің дивидендтерінің (кірісінің) мөлшерін белгілеу туралы» Қаулысының ережелерін ескере отырып ұсынады.

5.2. Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза табысын бөлу және дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы мәселені қарау кезінде Қоғамның ағымдағы жай-күйі, оның қысқа, орта және ұзақ мерзімді жоспарлары, Қазақстан Республикасының Табиғи монополиялар саласындағы заңнамасы ескеріледі.

5.3. Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу және дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы түпкілікті шешімді Қоғамның қаржы-экономикалық жағдайына байланысты Қоғамның Жалғыз акционері қабылдайды.

5.4. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу тиісті кезең үшін Қоғамның қаржылық есептілігіне аудит жүргізілгеннен кейін және Жалғыз акционердің шешімі бойынша ғана жүзеге асырылады.

Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жүзеге асырылады.



## «ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2018

10 парақтың 7 беті

5.5. Дивидендтерді төлеу Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90 бұйрығымен бекітілген Тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 637-тармағында көзделген бекітілген инвестициялық бағдарламаны іске асыруға және басқа мақсаттарға бағытталған қаражатты шегере отырып, Қоғамның бөлінбеген пайдасынан ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

5.6. Жалғыз акционер күнтізбелік жылдың қорытындылары бойынша жай акциялар бойынша дивидендтер төлеудің орынсыздығы туралы шешім қабылдауға құқылы.

5.7. Қаралып отырған есепті кезең үшін Қоғамның таза кірісі болмаған кезде Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу жүргізілмейді.

5.8. Орналастырылмаған немесе Қоғамның өзі сатып алған акциялар бойынша, сондай-ақ егер сот немесе Жалғыз акционердің шешімімен оны тарату туралы шешім қабылданса, дивидендтер есептелмейді және төленбейді.

5.8.1. Қоғамның жай акциялары бойынша дивидендтер есептеуге жол берілмейді:

1) өз капиталының теріс мөлшері кезінде немесе егер Қоғамның өз капиталының мөлшері оның акциялары бойынша дивидендтер есептеу нәтижесінде теріс болса;

2) Егер Қоғам Қазақстан Республикасының оналту және банкроттық туралы заңнамасына сәйкес төлем қабілетсіздігі немесе дәрменсіздік белгілеріне сай келсе не аталған белгілер Қоғамда дивидендтерді оның акциялары бойынша есептеу нәтижесінде пайда болғанда;

3) Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Сақтандыру қызметі туралы» және «Бағалы қағаздар нарығы туралы» заңдарында көзделген жағдайларда жүргізіледі.

### 6. Дивидендтердің мөлшерін айқындау тәртібі

6.1. Қоғамның осы Ережеде көрсетілген негізгі шарттарды ескере отырып, салық салынғаннан кейінгі табысы (таза кіріс) дивидендтер төлеу көзі болып табылады. Таза кіріс Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есепті жүргізу және есептілікті жасау жөніндегі заңнамасына сәйкес, оның ішінде ХҚЕС талаптарына сәйкес Қоғамның бухгалтерлік есептілігінің деректері бойынша айқындалады.

6.2. Қоғам дивидендтерінің мөлшерін, Қоғам акцияларының 100% пакеті коммуналдық меншікте екенін ескере отырып, жергілікті атқарушы орган белгілейді, атап айтқанда Өскемен қаласы әкімдігінің 26.06.2018 жылғы № 2807 «Өскемен қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 6 наурыздағы № 10138



«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ  
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 8 беті

«Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне (жарғылық капиталға қатысу үлестеріне) акционерлік қоғамның, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің дивидендтерінің (кірісінің) мөлшерін белгілеу туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы» қаулысымен бекітіледі.

6.3. Таза табысты бөлу жөніндегі ұсыныстарды талдау кезінде Қоғамның Директорлар Кенесі мынадай негізгі факторларды ескереді:

- 1) Қоғамның алынған таза кірісінің нақты мөлшерін;
- 2) таза кіріс қаражатын бекітілген инвестициялық бағдарламаның іс-шараларын орындауға пайдалануды;
- 3) кәсіпорын активтерінің рентабельділік деңгейін (экономикалық рентабельділік коэффициенті), меншікті капиталдың рентабельділік деңгейін (қаржылық рентабельділік коэффициенті); ағымдағы төлем қабілеттілігі, меншікті айналым қаражатымен қамтамасыз етілу коэффициенттерін және қарыз капиталының коэффициентін қамтитын Қоғамның рентабельділігі мен қаржылық орнықтылығының көрсеткіштері қоса беріледі.
- 4) Қоғамның келесі күнтізбелік жылға арналған бекітілген даму жоспарының болуын;
- 5) Қоғамның есепті қаржы жылының соңындағы айналым қаражатының құрылымын;
- 6) Қоғамның есепті қаржы жылының соңындағы борыштық жүктемесін.

6.4. Бір жай акцияға арналған дивидендтердің мөлшері Қоғамның жай акцияларының санына бөлінген жай акциялар бойынша дивидендтік төлемдерге жіберілетін таза кіріс сомасы негізге алына отырып айқындалады.

6.5. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері Қазақстан Республикасының ұлттық валютасымен есептеледі және математикалық қағидаларға сәйкес теңгеге дейін дөңгелектенеді.

## 7. Дивидендтерді төлеу тәртібі мен нысаны

7.1. Дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылданғаннан кейін Қоғам дивидендтер төлеу туралы шешім қабылданған кезде Жалғыз акционер белгілеген мерзімде акционерлік қоғамның мемлекетке тиесілі акцияларына дивидендтер бюджетке аударуға міндетті.

7.2. Дивидендтерді төлеу Жалғыз акционердің айрықша құзыретіне жатқызылған, сондықтан, егер Қоғамның өткен қаржы жылындағы таза кірісін бөлу, дивидендтер төлеу және Қоғамның бір жай акциясына шаққандағы дивиденд мөлшерін бекіту туралы шешім қабылданбаса, онда дивидендтерді



«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ  
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 9 беті

өндіріп алу жүргізілмейді.

7.3. Дивидендтерді төлеу ақшалай нысанда жүргізіледі.

7.4. Қоғам Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген салықтарды шегергенде есептелген дивидендтерді төлеуді жүргізеді.

7.5. Дивидендтер оларды төлеу үшін белгіленген мерзімде төленбеген жағдайда акционерге дивидендтердің негізгі сомасы және ақша міндеттемесін немесе оның тиісті бөлігін орындау күніне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің базалық ставкасын негізге ала отырып есептелетін өсімпұл төленеді.

### 8. Қорытынды ережелер

8.1. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде осы Саясаттың ережелері оған қайшы келсе, бұл ереже күшін жояды және осы құжатқа өзгерістер енгізілген кезге дейін Қазақстан Республикасының заңнамасын басшылыққа алу қажет.

8.2. Қоғамның саясатына өзгерістер мен толықтырулар Жалғыз акционердің шешімі бойынша енгізіледі.

### 9. Тарату

Кеңсе менеджері осы Саясаттың көшірмелерін .pdf форматында «Битрикс-24» корпоративтік порталында, «МБЖ құжаттар мұрағаты» папкасында және Тезис ЭҚЖ-де орналастырады.



«ӨСКЕМЕН ЖЫЛУ ЖҮЙЕЛЕРІ» АҚ-НЫҢ  
ДИВИДЕНДТІК САЯСАТЫ

П 13-01

№ 1 редакция

Шығарылған күні: 13.05.2022

10 парақтың 10 беті

Келісілген

Аудармашы

М.О.

М.Окасова

«13» 05 2022ж.

Прошито и пронумеровано на 10 л.

Генеральный директор Уразбаев Р.С.

